

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 604 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 26 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5418 болып енгізілді.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.28 N 382 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының 2008 жылғы 11 маусымдағы N 17-45/005-1199 (4.2-т.) тапсырмасын орындау үшін
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2000 жылғы 17 қарашадағы N 1291 тіркелген, Заң газетінде 2000 жылы 20 желтоқсандағы N 54 нөмірімен жарияланған, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 26 маусымдағы N 290 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2002 жылғы 25 шілдедегі N 1929 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ақпараттық бюллетенінде 2002 жылғы 15 тамыздағы N 17 нөмірімен жарияланған, "Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 11 ақпандағы N 56 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 11 наурыздағы N 2197 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ақпараттық бюллетенінде 2003 жылғы 20 наурыздағы N 5-6 нөмірімен жарияланған, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қарашадағы N 1291 тіркелген "

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 20 маусымдағы N 223 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 26 шілдедегі N 2963 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ақпараттық бюллетенінде 2004 жылғы 17 тамыздағы N 15 -16 нөмірімен жарияланған бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін есептен шығару мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша жүзеге асырылады."

7 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"келісу арқылы" деген сөздер "олардың шешімі бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"органдар және Комитеттің аумақтық" деген сөздер алынып тасталсын; екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелерінің мүлкін есептен шығару Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.";

үшінші және төртінші абзацтар алынып тасталсын;

8-тармақта "және Комитеттің аумақтық органдарымен" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

12-тармақта төртінші абзацы алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

